

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan  
L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of philology  
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ  
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

**MATERIALS**

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT  
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*),  
Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

**«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»**  
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Алайда, тек өзгеріс үдерісінің өзі өзгермейді, адам өмірінің осы өзгермейді. Мұның барлығы уақыт ағымында болады. Бұл уақыт тұрақты және өзгермейді, сонымен бірге, болып жатқан өзгерістерден тәуелсіз, керісінше, өзгерістерді болдыруға шарт жасайды. Жазушының «Гитлерюгенд» шығармасы дәл осындай ойларды тастап отырғандай.

Осы циклдік уақыт кеңістігі ретінде жазушы табиғи ортаны алады. Шығармадағы бұл кеңістік пен циклдік уақыт қатерлі жазымыш, тағдыр немесе өмірдің шынайы, өтіріксіз келбетін бейнелеп тұрғандай. Бұл тұста, автор кейіпкерлерге уақыт пен кеңістікті анықтап береді, сондықтан, бұл әңгімеде кейіпкерден ештеңе сұралмайды.

Арманның өлім құшағына еніп бара жатқан тұсындағы уақытты мәңгілік хронотип деп алуға болады. Себебі, уақыт тоқтап қалады. Ал кеңістік бір нүктеде тоғысады. Әңгімеде тоғысқан кеңістік ретінде батып бара жатқан күн шуағын бөленген табиғат деп аламыз. Шығармадағы мәңгілік уақыт трагедия нышанын нұсқап тұрғандай.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Эко У. Роль читателя. – Москва: Издательство АСТ. – 2016. – 502 б.
- 2 Эко У. Поэтика открытого произведения. – Москва, 2004. – 122 б.
- 3 Шапай Т. <http://qazaqadebieti.kz/9050/t-rsynzhan-stanymy>
- 4 Сағынтай С. Гитлерюгенд. <http://adebiportal.kz/kz/news/view/11024>
- 5 Савельева В. Художественный текст и художественный мир. – Алматы: Дайк-Пресс. – 1996. – 191 б.

#### ҒТАХР 74.09.2

#### РОМАН ЖАНРЫНЫҢ ДАМУЫ

##### Әбілғазы Қ.

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты  
Астана қ., Қазақстан*

**Abstract.** The history of the development of the novel genre has passed through difficult periods. This arises from the internal nature and structural features of this genre. The main thing is the epic power of this genre. The novel genre includes the socio-political and social development of the history of the nation, historical milestones, and the full image of the system of characters, and has an artistic and aesthetic nature. This nature determines the next feature of the novel. It is the epic essence of the genre. In the epic work, events and social problems that reflect the reality of life are fully described, as well as the fate of individuals. The author narrates the story of the novel convincingly and artistically, and tries to convincingly show the actions and relationships between the characters that are central to the work.

**Key words:** novel, typology, image, space, art

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті алмағайып күрделі кезеңнің көркем шежіресіндей болды. Бұл дәуір әдебиеті ұзақ жылдар бойы өз кезеңінің саяси-идеологиялық талаптарына байланыста біржақты зерттеліп келді. Соның ішінде жанр түрлеріне қатысты алуан түрлі пікір, көзқарастар орын алды [1]. Әдебиеттің даму кезеңінде басқа жанрлармен бірге роман жанры да қызу айтыстарға өзек болды. Мәселен, «Қазір роман жанры барлық әдебиетте өзінің жетекшілік рөлін айқын байқатып отыр. Бұл жанрдың енді басымдық алуы басқа жанрларға қарағанда эпикалық түрдің қолайлығынан болса керек» [2. 8]. Роман жанры бірден дербес жанрдың биігіне көтерілген жоқ. XIX ғасырда сыншы В. Белинский өзінің «Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу» деген мақаласында поэзияны лирика, драма, эпика деп үшке жіктеп, әрқайсысына тиісті анықтамалар береді. Бұл кезде роман жанры эпиканың бір саласы ретінде бөліне бастаған еді. Бұл жөнінде зерттеуші Е.Лизунова: «Дұрысында адам өмірін, оның тірлігін кең қамтыған бүгінгі күн тақырыбын қай дәстүрде, көркем өнердің қандай тәсілімен жан-жақты пайдалану керек – романның жанр

ретіндегі орны мен қоғамдық маңызы осы сұраудан сабақталмақ», - деп жанрдың мәнін айқындап береді [3. 14].

Ә. Бөкейхановтың «Роман деген не?», «Роман бәйгесі», А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш», Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», Е. Исмайыловтың «Әдебиет теориясы мәселелері», Б. Шалабаевтың «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы», Р. Бердібаевтың «Қазақ тарихи романы», «Роман және заман», М. Хасеновтің «Ұнамды образ және типтендіру», Ш. Елеуқеновтің «Казахский роман и современность», «От фольклора до романа-эпопеи», М. Атымұраттың «Идея және композиция», «Қазіргі қазақ романдарындағы сюжет пен композиция мәселесі», З. Ахметовтің «Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания», Т. Сыдықовтың «Қазақ тарихи романы», «Қазақ тарихи романының көркемдік тіні», Ж. Дәдебаевтың «Өмір шындығы және көркемдік шешім», «Жазушы еңбегі», З. Бисенғалидің «XX ғасыр басындағы қазақ романы», М. Хамзиннің «60–80-жылдардағы қазақ романы (стиль және типология мәселелері)», «Қазіргі қазақ романы», Т. Рахымжановтың «Романның көркемдік әлемі», Б. Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау», Г. Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем)», Ж. Жарылғаповтың «Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер» және тағы басқа еңбектерде роман жанрының мәселелері жан-жақты қарастырылады.

Роман жанры өзінің даму белестерінде қоғамдағы өзекті, терең мәселелерді кең арнада суреттеуімен ерекшеленеді. Қазақ әдебиеті тарихында роман жанры өркендеген XX ғасырдың алғашқы кезеңінен-ақ, қоғамдық-әлеуметтік өмірдің шынайы суретін беруімен, кейіпкерлердің алуан жүйесін қалыптастыруымен роман алдыңғы лекке шықты. Бұған романның жанрлық мүмкіндігі де себепші болды.

Зерттеуші Ш. Елеуқенов: «Әдебиет және ұлт тағдыры» еңбегінде: «Роман жанрының қыр-сырлары көп. Ол замана жаңарған сайын жаңаланып, түлеп отырмақ. Ж. Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек», С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым», С. Мұқановтың «Жұмбақ жалау» романдарында бас қаһармандардың жаратылыс бітімінде, бүкіл болмысында төңкерісшіл романтикаға бөленген қайрат-жігер, өршіл рух бар. Мұнда атқан таңның ашық бояуы, қуаныш әсері басым. Осының бәріне көрік беріп тұрған бостандық деп аталатын қасиетті сезім еді», - дейді [4. 210].

Яғни автор эпикалық шығармада баяндау тәсілдерін де, кейіпкерлердің әр түрлі жағдайдағы хал-ахуалдарын, сөздерін де өз мақсатына еркін пайдалана алады. Оның бір дәлелі эпикалық жанрдың болмысы, сюжеттің кеңдігі, оқиға-жағдаяттардың тәптіштей баяндалуы, кейіпкерлер тағдырының тереңдей, әр тарапты суреттелуі авторды романның болмысына кіріктіріп те жібереді.

Кеңістік пен адам, адам және уақыт, кеңістік пен уақыт, кеңістік-уақыт және адам – міне, осы сияқты құрылымдардың бірін-бірі толықтыруы, бірінің мағынасын бірі ашуы, бірінің мәнін, бірінің «жасырын» сырларын, үрдісін екіншісінің анықтау-анықтамауы ерекше әдеби, көркем жаңалықтарға жетелейді. Осы қатынастарды ашуда тағы да эпикалық шығарманың қуаты қажет. Ғалым А.Егеубай: «Ортағасырлардың соңына қарай, жаңа ұлттық әдебиеттер қалыптаса келе кемел кісінің бүкіл жан-дүние болмысы, психологиялық бітімі саралана бастады. Кәдімгідей әлеуметтік сымбаты бедерленді. Білікті, тілі құнарлы, ақликатқа берік, ойлы, қайратты, ақылды адам тұлғасы хатқа түсті. Жайсаңдық, жомарттық, мәрттік секілді қасиеттер сарапталды. Абайдың өзі: «Асыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден ерек..», - деп берік парасаттылық талабын алға жайды. Әрине, жаңа әдебиеттің тегеурінді тұлғасы Абайға дейін де кісілікті кемел кісі тұлғасы мәртебелі биігіне жақындап келе жатқан-ды. Ерте, ортағасырлардан бастап, бертінге дейін түркі адамының кісілік тұлғасы белгілі бір канондарды ұстанып жалғасып отырды. Мәрттік, жайсаңдық, қуатты-күшті жандарға тән мархабатылық, кісілік кемелділік... Бұл қасиеттер өмірде, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынаста көрініп отырды. Ел бектерінің әуелі осындай қасиеттері марапатталды. Кісіліктің осындай сипаттары құрметтелді. Кәдімгідей әдеп, қарым-қатынастың, жан-жүйенің ақликаттық кодексі деуге де болады. Әрине, оның бәрі

жазбалардан, жылнама, шежірелерден, аңыз-эпсаналардан көркемдік таным үрдісінде әдіптелді. Тарихи шындық, өмір шындығы осы желіде ерекше жарасымды тоғысын тапты», - дейді [5. 21]. Шынында да адами болмыс, қоғам мекеншақтық ұғыммен тікелей байланысты екендігі ежелгі өнер салаларында да дәлелденген. Өнердің қай түріне де шығармашылық, қайта жасаушылық, танымдық сипаттар тән. Ал, олардың берілуі әр қилы. Әдебиетте көркемдік әлем жан-жақты ойластырылып, жинақталып беріледі. Осылайша, көркем әдебиетте уақыт пен мекен ұғымдарының арасы жақындап, туындының идеясы ауқымды да терең көрініс табады.

Қазіргі филология ғылымында көркем кеңістік пен уақыттың мәнін айқындайтын бірнеше тәсіл орнықты. Бұл осы категорияның күрделілігімен байланысты. Мекеншақ мәселесін зерттеу үш түрлі бағытта жүргізілді. Алдымен, ол шетел әдебиеттануында кең таралған кеңістік формасын қамтиды. Кеңістік формасы әдебиеттегі эстетикалық қабылдаумен байланысты бола отырып, оқиға өзінің себеп-салдарлық болмысымен ретімен айқындалады. Екінші бағыт С.Ю. Нехлюдов пен Ю.М. Лотманның концепциясымен ұштасады. Яғни көркем кеңістік ұғымының аясы көркем шығармадағы тілдік элементтермен, оның құрылымдық ерекшелігімен байланысты. Үшінші бағыт М.М. Бахтиннің теориясынан бастау алады. Мұнда кеңістік - хронотоп категориясының құрылымдық элементтерінің бірі. Мекеншақ – уақыттық және мезгілдік қатынастың заңды байланысы бола отырып, әдебиетте маңызды жанрлық сипатқа ие. Нақтылай айтқанда жанр мен жанрлық түр ең алдымен хронотопта анықталады. Оның ішінде әдебиетте уақыт жетекші мән иеленеді. Хронотоп пішіндік-мазмұндық категория ретінде адам тұлғасын да айқындайды, тіпті адам мұнда анағұрлым уақыттық мән иеленеді. Әрине, нақты тарихи мекеншақтың көрінісі әдебиетте игерілуі қиынырақ. Тек әдебиетте игерілуге тиісті, тарихи тұрғыда қолжетімді белгілі нақты хронотоптың көркемдік бейнесі ғана көрініс табады. Осылайша, тарихи-әдеби үдерістің аясына енетін нақты мекеншақ үнемі әр тарапты жүріп отырды. Зерттеуші М. Бахтин романдағы мекеншақ түрлерін монографиялық деңгейде қарастыруымен, бұл ұғымның мағынасын тереңдетті. Ғалымның пайымдауынша әдебиеттегі мекеншақ көпқырлы. Ол нақты тарихи жағдайды көрсете отырып, көркемдік тұрғыда түрленіп, кеңейеді. Сөйтіп, әдеби туындыдағы мекеншақ категориясының мәні тереңдеп кетеді. Ал, тарихшылардың ішінде бұл категорияны Арон Гуревич қолданған. Ғалым бұл ұғымның тарихи абсолютті сипатын дәйектейді. Әрине, тарихи мағынадағы мекеншақ барынша ықшам, нақты. Сол сияқты бұл категорияның философиялық мәні тіпті де терең. Себебі, мекеншақ философияда нақты да, шартты да, ақиқат та, кездейсоқ та, өтпелі, тұрақты да ұғымдар айналасында түсіндіріледі. Мекеншақ ұғымы ендеше көптеген ғылымдар жүйесіне ортақ болып келеді. Мұның басты себебі – ғылым саралауының басты негізі – адам, оның ғұмыры, әрекеті, жай-күйі.

Әдебиеттануда көркем уақыт екі аспектіде қаралып келді. Эстетикалық сана үшін уақыт қозғалыс, даму және ұрпақ пен дәуір арасындағы байланыстың өзгеруін көрсетеді. Алайда, соңғы жылдары осы екі аспектінің кірігуі байқалды. Әдеби туындыға тән басты: тақырып, идея, сюжет, композиция, бейне ұғымдарының маңызы қандай болса, уақыт пен кеңістіктің мәні де сондай терең. Олар қоғамның жылжуымен, адам өмірімен, оның жан-дүниесімен тығыз байланысты. Соның ішінде уақыт әсіресе, адамзат тіршілігімен, адамның кемелденуімен, белгілі бір әрекеттерінің орындалуымен көрінеді. Халқымыз уақыт өлшемінің дәстүрлі мәнін ежелден орнықтырып қойған. Уақыттың жылжуымен адам өмірінің де белгілі кезеңдерге өтуі жүзеге асып отырады да, адам санасында сол атқарған іс-әрекеттерінің ең бір маңыздысы есте қалады.

Шығармадағы қандай да болмасын баяндау тәсілі эпикалық ракурс пен эпикалық қашықтықты анықтайды. Эпикалық ракурс – автордың оқиғаларды бейнелеудің әр қилы амал-тәсілдерін көрсетуі. Көркем уақыт – сюжетпен, фабуламен жарыса жүретін ұғым. Сюжеттік уақыт дегеніміз – шығармада автордың суреттеуімен уақыттың нақты сәттерінің белгілі бір тәртіппен орналасуы. Автор сюжеттік уақытты түрліше ұйымдастырады. Кей кезде оқиға барысында өткенге қайта оралудың қажеттігі немесе көркем уақыт ішінде

оқиғаның өтуінің шапшаңдауы немесе бәсеңдеуі кездесіп отырады. Қаламгер суреттейтін қандай да бір оқиға белгілі бір уақыт пен кеңістік аясында өтеді. Осыған байланысты әңгімелеушінің белгілі бір түрі қалыптасады. Әңгімелеуші оқиғаларды жай сырттай бақылаушы түрінде болуы не жай баяндамай, оқиғаға қызу араласуы мүмкін. Осыған байланысты сөйлеудің белгілі бір түрі қалыптасады. Мысалы, автор жай бақылаушы ретіндегі суреттеу түрін таңдаса, әңгімелеуші автор әңгімелеу түрін таңдайды. Сөйтіп, эпикалық ракурс шығарманың композициялық-тілдік жүйесінің құрылымдық тұлғасын қалыптастырады. Эпикалық қашықтық - әңгімелеуші – автордың шығармадағы баяндалып жатқан оқиғалардан белгілі бір мезгілдік немесе кеңістік ара қашықтықта орналасуы. Оған белгілі бір баяндау формасы аясында өзгерістер енгізіліп, түрлендіріледі. Кеңістік ара қашықтық оқиғаның тұтастай немесе даралай тұрғыда алып көрсетуден байқалады. Ол үш түрлі болуы мүмкін: шығармадағы оқиғаның баяндау кезімен сәйкес келмеуі, шығармадағы оқиғаның баяндау сәтімен сәйкес келуі және олардың аралығында мезгілдік қатынастың мүлде болмауы. Бұл проблема әдебиеттануда нарратология термині арқылы беріледі.

Нарратология баяндау теориясы деген ұғымды білдіреді. Нарратология өткен дәуірдің алпысыншы жылдары структурализм арнасында батыс әдебиетінде қалыптасып, баяндау түріндегі кез келген жанрдың құрылымдық жүйесіне тиесілі болды. Қазіргі нарратология категориясы орыс теоретиктері, оның ішінде орыс формалистері В. Шкловский, Б. Томашевский, өткен ғасырдың 20-жылдары белгілі болған ғалымдар В. Пропп, М. Бахтин, В. Волошинов, сол сияқты мәскеу-тарту мектебі теоретиктері Ю. Лотман, Б. Успенский еңбектерінде қарастырылды. Нарратология жалпы гуманитарлық сала қарастыратын проблема ретінде әлі де зерттеліп келеді. Нарратологияның объектісі баяндауға құрылған туындылар. Баяндау деген сөз әдебиеттануда екі түрлі ұғымның мәнін ашады. Біріншісі классикалық баяндау теориясынан құрылған. Бұл неміс тілінен шыққан сөз ең алдымен, «Erzählforschung» – «баяндау теориясы» деп аталған. Осы ұғымда туындының баяндау деңгейі коммуникативті құрылым арқылы анықталды. Яғни, сюжет желісін баяншы немесе әңгімеші жүргізіп отырған. Ол автор мен баяндау оқиғасының ара жігін жалғайды. Нарратив жөніндегі екінші ұғым структуралистік нарратология негізінде орнықты. Бұл концепцияға сәйкес баяндау кезінде қарым-қатынас құрылымы емес, баяндаудың құрылымы басты орынға ие. Мұнда баяндаушының сюжет желісін беру құрылымы, тәсілі жетекші мәнде болады. Әдебиеттанудағы структуралистердің көзқарасынша, баяндауға тек мәтіндік шығармалар – роман, хикаят, әңгіме ғана емес, пьеса, кинофильм, балет, пантомима, картина, сәулет ескерткіштері де жатады. Осы негізде нарративтің кең және тар мағынада жұмсалатыны анықталады. Яғни, баяндау түрі туындының кеңістігін, мекендік жағдайын да айқындап отырады. Көркем шығармадағы сюжеттің баяндау кезімен сәйкес келмеуі оқиға баяндаудан бұрын өткен жағдайда орын алады. Мұны мезгілдік шектелу деп атайды. Бұл шектелу әр түрлі болып келеді де, баяндалуға тиісті оқиғаның мезгілден тыс сипат алуына дейінгі аралықта өзгеруі де мүмкін. Баяндау уақыты мен шығармадағы оқиға уақытының сәйкес келуіне негізделетін әңгімелеу формасына бірыңғайлық сипат тән. Ол қысқа мезгіл аралығындағы оқиғаларды баяндайды. «Мәтіндегі оқиға дегеніміз – кейіпкердің семантикалық шеңберінің ауысуы. Егер кейіпкер бір семантикалық шеңберден екіншісіне өтпесе, әрекет болмайды. Бұл қимыл-қозғалыс оқиғаға айналу үшін, өзінің тұрғылықты жеріне жетуі керек. Осы жолдағы ықшам оқиғалар жүйелі дамыса, сюжетке айналады» [6. 140]. Сондықтан сюжет табиғаты оқиғамен тығыз байланысты. Ал, көркемдік кеңістік ұғымы сюжетпен тығыз байланысты. Оқиғаның ең кішкене бөлшегіне дейін сюжетті құруға қатысады. Орыс зерттеушісі А.Н. Веселовский оны мотив деп атаған. Мотив – белгілі бір оқиғаны тұтас баяндаудағы жіктеуге келмейтін бөлшек. Мотивте екі бірлік – сөз және идеялық мазмұн ерекше мәнге ие [7. 580]. Ол көркем шығармада баяндалатын оқиғадағы басты мәселені айқындайды. Яғни, оқиғаның себебі, оған қатысушылар, кейіпкерлердің әрекет-мінездерінің көрінуі, олардың өту кеңістігі, өрбуі, шығарма тілі – осының бәрі белгілі бір сарынның сипатын айғақтайды.

Көркем кеңістік туындыдағы суреттеу-бейнелеу тәсілдерінің басым бөлігін қамтиды. Көркем шығармадағы мезгілдік қатынастар әңгімелеудің түрленіп, әр түрлі арнада дамуына негіз болады. Олар ірі, орта және жалпы түрде беріледі. Әңгімелеу ірі немесе орташа түрде алынса, мезгілдік шектелу дәрежесі қалыпты болады. Жалпы түрде алынса, мезгілдің шектелуі жоғары дәрежеге жетеді де, оқиға мен баяндау уақыты бір-бірімен сәйкесіп жатады. Сондықтан әңгімелеуші оқиғалардан алыс тұрған сайын, оларды барынша нақты көрсетуге мәжбүр болады. Ірі тұрғыда әңгімелеу мен суреттеу – болмысты жақын қашықтықтан шектеулі кеңістікте бейнелеу дегенді білдіреді. Жақын қашықтық шағын аумақта болған жайды толықтырып, тәптіштей суреттеуге көмектеседі. Орта тұрғыдан баяндауда әңгімелеуші оқиғадан едәуір қашықтықта орналасады, сондықтан ол біршама үлкен аумақты қамтиды. Баяндаудың өз алдына бөлек түрі ретіндегі суреттеуде оқиға жақын қашықтықтан алынады. Әңгімелеу кезінде эпикалық қашықтық сақталады. Неғұрлым оқиға алыстаған сайын, мезгіл шектеулігіне сай ол толықтай алынбай, жалпылама түрде, негізгі сұлбасы беріледі. Әңгімелеудің эмоционалдық құрылымы бейтарап тұрғыда болады. Әңгімелеудің келесі түріне кейіпкердің басынан кешкенді немесе естігенді ауызша баяндауы жатады. Мұнда эпикалық қашықтыққа байланысты екі түрлі жағдайды байқауға болады: бірінде әңгімелеу кезі мен оқиғаның өтуі сәйкес келіп, әңгімелеуші оқиғаға тікелей қатысады. Бұл жағдайда әңгімелеу ірі тұрғыда алынып, суреттеудегідей болмысты тікелей бейнелеу жүзеге асады. Сондықтан шектеулі уақыт ішіндегі оқиға бүге-шігесіне дейін толықтай бейнеленеді. Алайда суреттеу формасынан айырмашылығы – оқиға эпикалық түрде әңгімеленеді. Мұндай әңгімелеуде болмыс осы соңғы түрде баяндалатындай көрінеді. Басынан өткенді немесе естігенді әңгімелеудің екінші бір түрі оқиға сәті мен әңгімелеу сәйкеспейді. Сондықтан уақыт шектеулігі тым жоғары болып, баяндау, жалпылама шолу сипатында болады. Ойлану, толғану түрінде келетін баяндауда уақыт жағынан сәйкестік болмайды. Сондықтан, бұл құбылысты зерттеуші «уақыттан тыс» баяндау формасы деп атаған [8. 7]. Дегенмен көркем әдебиеттің даму тарихы кейіпкердің мінез-құлқын оқырманға жақындата түсу үшін, бұл форманың ірі түрін орнықтырды. Баяндаудың мұндай формасы ой-толғаныстың мазмұнын ғана беріп қоймайды, оның туу ретін, табиғилығын, ішкі байланыстарын да береді. Сөйлемдер арасындағы логикалық байланысты уақыт жағынан кезектілікті білдіретін жалғамалы байланыс ауыстырады. Сөйтіп, эпикалық қашықтық оқиға мен әңгімелеу арасындағы қатынастың кеңістік және мезгілдік сипаттарын анықтап, соған сәйкес сөйлеу формаларының өзгеріп, түрленуін қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1 кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. – 512 б.
- 2 Атымов М. Қазақ романдарының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 312 б.
- 3 Лизунова Е.В. Роман және замандас бейнесі \ \ Кітапта: Жанр және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1968. – 320 б.
- 4 Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Ғылым, 1997. – 280 б.
- 5 Егеубай А. Құлабыз. Монография. – Алматы: Жазушы, 2001. – 216 б.
- 6 Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. – Москва: Академический проект, 2004. – 468 с.
- 7 Большая литературная энциклопедия. Сост. Красковский В.Е. и др. – М., 2006. – 848 с.
- 8 Лотман Ю. Структура художественного текста. – М., 1970. – 380 с.